



БҰЙРЫҚ

2025 жылғы 18 маусымда
Кокшетау қаласы

ПРИКАЗ

№ 56-НБ
город Кокшетау

Статистика деректері бойынша қалыптасқан өңірдегі (қаладағы) экономикалық қызмет түрлері бойынша бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысының өзгеруіне байланысты, «Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Ақмола филиалының «Ижевск» өндірістік кешені бойынша тарату желілері бойынша су беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке сараланған тарифтерді, тарифті және тарифтік сметаны 2025 жылғы 1 наурыздан 2026 жылғы 28 ақпанға дейінгі кезеңге оңайлатылған тәртіппен бекіту туралы» «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 14 ақпандағы № 20-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8 бабының 12) тармақшасына және 22 бабының 1 тармағының 9-2) тармақшасына, «құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 65 бабының 3 тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген тарифтерді қалыптастыру Қағидасының 608 тармағына сәйкес,
БҰЙЫРАМЫН:

1. 2025 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіле отырып, «Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Ақмола филиалының «Ижевск» өндірістік кешеніне 2025 жылғы 1 наурыздан бастап 2026 жылғы 28 ақпанға дейінгі кезеңге тарату желілері бойынша су беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке сараланған тарифтерді, тарифті және тарифтік сметаны оңайлатылған тәртіппен бекіту туралы» «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 14 ақпандағы № 20-НҚ бұйрығына келесі өзгерістер енгізілсін:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес тарату желілері бойынша су беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке сараланған тарифтер жаңа редакцияда жазылсын.

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес тарату желілері бойынша су беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтің тарифтік сметасы жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы бұйрықтың 1 тармағы қолданысқа енгізіле отырып, 2025 жылғы 1 наурыздан бастап 2026 жылғы 28 ақпанға дейінгі кезеңге «Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Ақмола филиалының «Ижевск» өндірістік кешеніне оңайлатылған тәртіппен тарату желілері бойынша су беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке сараланған тарифтерді, тарифті және тарифтік сметаны бекіту туралы» «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 14 ақпандағы № 20-НҚ бұйрығының 1-тармағының күші тоқтатылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаментінің табиғи монополиялар мен бағаларды реттеу бөлімі (А.Тореханова) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақмола филиалының назарына жеткізсін.

4. «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 22 бабының 8 тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақмола филиалы тариф қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей тұтынушылардың назарына жеткізілсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті Ақмола облысы бойынша департамент басшы орынбасарының міндетін атқарушы А. Кайдароваға жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшы



А. Қуандықұлы



Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаментінің 2025 жылғы 18 маусымдағы № 56-НҚ бұйрығына 1 қосымша

ТМС атауы: «Қазсушар» ШЖҚ РМК Ақмола филиалының «Ижевск» ӨК

Тарату желілері бойынша су беру жөніндегі қызметке сараланған тарифтер

№ р/с	Тұтынушылар топтары	Тұтынушылардың атауы	Өлшем бірлігі	Уәкілетті ұйым бекіткен сараланған тарифтер, теңге / м3 (ҚҚС-сыз)
1	1 - топ	халықтың санатына жататын жеке тұлғалар, жылу энергиясын өндірумен айналысатын ұйымдар, жылу энергиясын өндіру процесінде өз мұқтаждарына суды тұтыну көлемі және ыстық сумен жабдықтау қызметтерін көрсету кезінде (ыстық сумен жабдықтаудың ашық жүйесі кезінде) қоректендіру көлемі шегінде, бекітілген нормативтік техникалық ысыраптар көлемінің шегінде жылу энергиясын берумен және бөлумен айналысатын ұйымдар және сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласында реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын ұйымдар	теңге/м3	253,09
2	2 - топ	басқа тұтынушылар – бірінші және үшінші топтардың құрамына кірмейтін заңды тұлғалар	теңге/м3	730,05
3	3 - топ	организации, содержащиеся за счет бюджетных средств	теңге/м3	1 157,71
		Орташа еңбек тарифі	теңге/м3	594,53